

+

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ  
КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ  
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

10.07.2020 ж. № 38

Қостанай қаласы

город Костанай

### Шектеу шараларын күшейту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-1, 21,148, 150 және 152-баптарына сәйкес, «Шектеу іс-шараларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекциямен аурулардың алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысына (бұдан әрі – ҚР БМСДҚ № 43), «Қатаң шектеу шараларын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 2020 жылғы 03 шілдедегі № 44 қаулысына сәйкес Қостанай облысының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2020 жылдың 11 шілдесі 00:00 сағаттан 2020 жылдың 13 шілдесі 00:00 сағатта Қостанай облысы территориясында локдаун тәртібін орнату, осыған байланысты:

1) тұрғындарға тұрғылықты жерлерінен далаға шығуға тыйым салу, мына жағдайлардан басқа:

- жұмысқа шығу;
- медициналық көмекке жүгіну;
- өндірістік тауарларды сатып алу, дәрілік препараттар және медициналық бұйымдар тұрғылықты жеріне жақын жерлерден немесе дәріханалар жұмысы және дүкендерден;
- қоқыс шығару;

- дачаларға бару;
  - үнемі күтімді қажет ететін, ауруларға және кәрілерге күтім жасау,
  - жануарларды серуендету;
  - 2) барлық ойын және ойын-сауық түрлеріне тыйым салу;
  - 3) қоғамдық көлік жұмысына тыйым салу (қала әкімдігітерімен қозғалыс кестесін нақтылаумен дачалық маршруттардан басқа);
  - 4) қоғамдық тамақтану объектілерінің, барлық сауда объектілерінің қызметін тоқтата тұру, азық-түлік өткізетін сауда объектілерінен басқа;
  - 5) өткізетін сұрыпына қарамастан барлық сауда базарларының қызметін тоқтата тұру, азық-түлікті көтерме өткізетіндерден басқа;
  - 6) скверлер, саябақтар, жағажайлар, оның ішінде тамақтану және сауда нүктелерінен басқа, территорияда орналасқан, сондай-ақ пляждар және демалыс базаларын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
  3. Осы қаулы күшіне 2020 жылғы 11 шілде 00:00 сағаттан бастап енеді.

**Қостанай облысының бас мемлекеттік  
санитарлық дәрігердің орынбасары**

**Ю. Севостьянов**

